

олардың ақыл-ой тереңдігі, еркін ойлау қабілеті, сайып келгенде, оның рухына қатысты айқындалады.

Әдебиет:

1. Безклубенко С.Д. Грани творческого метода. – Киев, 1986. – 230 с.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы, 1989. – 321 б.
3. Сағатова Ә.С. Рухани жаңғырумен болашаққа ұмтылыс // Актуальные вопросы изучения историко-культурного наследия народов Евразии: Материалы XVI международного Евразийского научного форума. – Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2018. – С.373-379.

Байгазиева Н.А., Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, тарих факультеті, ГИ-13 тобы, студент.

(Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы, тарих магистрі Смағұлов Н.Б.)

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН – АЛАШ ОРДА ХАЛЫҚ КЕҢЕСІ ҮКІМЕТІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

Ұлттық мемлекет құру Әлихан Бөкейхан басқарған қазақ зиялыларының түпкі және басты негізгі мақсаты болды.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан (5 наурыз 1866, Қарқаралы уезі, Семей облысы, 27 қыркүйек 1937, Мәскеу) – XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға. Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш партиясының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы.

Әлихан Бөкейханды 1917 жылы «Алаш» партия мен Алаш Орда үкіметін құру арқылы нақты мемлекеттік иденің негізін қалап, біртұтас алаш мұратын жүзеге асырғандығы үшін барлық қазақ бірауыздан «Алаштың Әлиханы», «Ұлт көсемі» деп таныды. Тарихшы Мәмбет Қойгелдиев дәл тауып айтқанындай, қазақ қоғамының «Сун Ят Сені» мен «Махатма Гандиі» – Әлихан Бөкейхан болатын. Қазақ зиялылары саяси партия құру әрекеті 1905 жылы 1-ші орыс революциясы жылдарында-ақ қолға алды. Қазаққа бостандық пен саяси тәуелсіздік әперемін деген Алаш қозғалысының басында – саяси мәдениеті әлемдік деңгейге көтерілген, сауатты, кәсіби даярлығы заманына сай ата-бабамыздың сан ғасырлық қастерлі құндылықтарымен сусындаған Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Тынышбаев, Ж.Ақбаев, Б.Қаратаевтар бастаған қайраткерлер тұрса, солардың ізін басқан – М.Шоқай, Ж.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, С.Сәдуақасов, Ж.Аймауытов, М.Әуезовтер алаштың ұлы мақсаты мен идеясын одан әрі дамытты. «Алаш» қозғалысы жетекшісінің іс-қимылы мен рөліне қазақтың қазіргі заманғы тарихында алғаш рет, 1920 жылдары баға берілді. Қошмұхаммед Кемеңгерұлы (Қошке Кемеңгеров) «Қазақ тарихынан» деп аталатын тарихи очеркінде: «Үкіметтің қара қуғын жасаған күндерінде айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат тобы болды. Бұл топты баулыған – Әлихан»[1], – деп жазды. XX ғасырдың бас кезіндегі саясаткерлердің бірі, тарихшы, журналист, жазушы Қошмұхаммед Кемеңгерұлы бұл очеркін 1922 жылы аяқтап, 1924 жылы Мәскеудегі СССР халықтарының орталық баспасынан шығарды. Совет өкіметінің қуғын-сүргініне ұшыраған Әлихан Бөкейхан өмірінің соңғы 15 жылын осы Мәскеуде өткізіп, Кремльдің жіті бақылауында болған еді.

Әлихан Бөкейхан Ақпан төңкерісінен үлкен үміт күтеді. Бірақ ол үміті ақталмайды. Уақытша үкімет, оның ішінде өзі мүшесі болып жүрген кадет партиясының көсемдері қазаққа автономия беруге қарсы болады. Оның үстіне олармен жер мәселесі жөнінде де ымыраға келе алмады да, ол бұл партиядан шығып, қазақтан сайланған тоғыз өкілді бастап барып, Томск қаласында Сібір автономистерінің құрылтайына қатысады. Осында болашақ Сібір республикасының құрамында Қазақ автономиясы құрылмақ болады. Құрылтайдан оралысымен Әлихан Бөкейхан қазақ тарихындағы тұңғыш саяси ұйым Алаш партиясын ұйымдастыруға кіріседі.

Алашорда үкіметінің тікелей өмірге келуіне себепші болған жағдай уақытша үкіметтің басқа ең өзекті ұлт өміріне қатысты мәселелерді шеше алмаған тұрақсыз саяси билікке айналуы, оның арты бүкіл империяны қамтыған анархия, зорлық пен зомбылыққа ұласуы еді [2, 121 б.]. Осындай жағдайда қазақ зиялылары арасында ұлттық мемлекет туралы мәселенің қойылуы – бірден-бір дұрыс шешім болып саналды. Орынборда шоғырланған қазақ зиялылары өзара кеңесіп кезек күттірмейтін ұлттық мәселелерге байланысты бір тұжырымға келу үшін жалпықазақ съезін шақыру туралы шешім

кабылдап, оны ұйымдастыру ісін бес адамнан тұратын комиссия құрды. Олар Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Досжанов, Е.Омаров болатын. Комиссия «Қазақ» газеті арқылы қазақ халқына арнайы үндеу жариялап, съезге шақыру жеделхатын жариялайды. Бұл үндеуде іс жүзінде қазақ облыстарындағы саяси билікті өз қолдарына алу қажеттілігі ашық айтылды. «Қазақ» газеті үндеуінде, ұлттық әскер мен үкімет құраудың қажеттігін жан-жақты дәлелдеп, оны іске асырудың нақты жолдарын белгіледі, оларды съезге талқылауға шақырды. 1917 жылдың қарашасында Алаш қайраткерлері ұлттық мемлекет құру ісіне біржола бет бұрып, «Ұлт Кеңесі» деп аталатын үкімет пен ұлттық әскер құруды қолға алды. Ұлттық мемлекет құру міндетін мойнына алған олар Орынбор, Түркістан, Батыс Сібір губерниялары құрамындағы қазақ жерлері мен қауымдарын жинау сияқты күрделі мәселелерді шешуге кірісіп кетті.

Жаңадан құрылмақ үкіметтің атқаратын міндеті мынадай деп анықталды. «Бес миллион халықпыз, өзімізді қорғайтын күш өзімізден табылады. Сол күшті реттеп жасайтын кеңес орындары керек. Барша қазақ бірігіп, әуелі «Ұлт Кеңесі» деген орын жасау керек. Мемлекет ісі күн сайын құбылып, түрлі күйге түскен шақта, қырғыз-қазақ бас қосып съезд жасап отыруы мүмкін емес. «Ұлт Кеңесінің» әр облыста бөлімі болмауы керек. «Ұлт Кеңесіне халық сенімді адамдарын сайлап іс жүргізбек [3, 29 б.].

1917 жылы 5-13 желтоқсанда Орынбор қаласындағы II-ші жалпықазақ съезінде қазақ мемлекеттілігін қайта жаңғырту үшін қазақ халқының барлық әлеуметтік топтарының белсенді қайраткерлері бас қосты. Оған қазақ облыстарынан, сондай-ақ одан тыс жерде тұратын Алтай губерниясы мен Самарқанд облысы қазақтарынан – барлығы 82 өкіл қатысты. Делегаттардың үлкен бөлігі ел ісімен белгілі беделге ие болған ауыл ақсақалдары мен интеллигенциясының сол тұстағы ең белсенді өкілдерінен тұрды. Съездің күн тәртібінде тұрған ең негізгі мәселе, әрине, ұлттық автономия мәселесі еді. Бұл мәселе бойынша Әлихан Бөкейханның баяндамасын тыңдап, қазақ автономиясы, милиция және ұлт кеңесін құру істері бойынша бес кісіден тұрған комиссия сайланды. Комиссия баяндама жасаған Халел Ғаббасовтың сөзін негізге ала отырып, арнайы қарар қабылдады. Қарарда мынадай деп көрсетті. «Октябрь аяғында Уақытша үкімет түскеннен, Ресей мемлекетінде халыққа сенімді хәм беделді үкіметтің жоқтығын, әкімшілік жоқ болған соң халық арасы бұзылып пышақтасып кететіндігін, бүкіл мемлекет бүлікшілікке ұшырап, күннен-күнге халықтың халі нашарлаудан хәм бұл бүлікшілік біздің қазақ-қырғыздың басына келуі ықтымалын ойлап, бүкіл қазақ-қырғызды билейтін өкімет керектігін ескеріп, съезд бір ауыздан қаулы қарады [4, 85 б.].

I. Бөкей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары, Ферғана, Самарқанның облыстарындағы хәм Әмудария бөліміндегі қазақ уездері, Закаспий облысындағы хәм Алтай губерниясындағы іргелес облыстардың жері бірінғай, іргелі халықты қазақ-қырғыз қаны, тұрмысы, тілі бір болғандықтан, өз алдына ұлттық-жерлі автономия құру.

II. Қазақ-қырғыз автономиясы «Алаш» деп аталсын.

Алаш автономиясының Алашорда аталған Орталық үкіметтің құрамына 15 адам сайланды. Олар Уалихан Танашев (Бөкей Ордасы), Халел Досмұхамедов (Орал облысы), Айдархан Тұрлыбаев (Ақмола облысы), Ахмет Бірімжанов (Торғай облысы), Халел Хаббасов (Семей облысы), Садық Аманжолов (Жетісу облысы), Мұстафа Шоқай (Сырдария) облыстардан тыс Алашорда құрамына Әлихан Бөкейханов, Жаһанша Досмұхамедов, Әлімхан Ермеков, Мұхамеджан Тынышбаев, Бақыткерей Құлманов, Жақып Ақпаев, Базарбай Мамитов, Отыншы Алжанов сайланды. Үкіметтің осы 15 мүшелеріне орынбасарлар болып қазақ өлкесінің әртүрлі өңірінен тағы да 15 кісінің кандидатуралары бекіді. Алашорда үкіметінің төрағасы баламалы жағдайда сайланды. Үкімет төрағасына үш қайраткердің Әлихан Бөкейханның, Бақыткерей Құлмановтың және Айдархан Тұрлыбаевтың кандидатуралары ұсынылды. Жасырын дауыс нәтижесінде Ә.Бөкейхан – 40 дауыс, А.Тұрлыбаев – 20 дауыс, Б.Құлманов – 19 дауыс алды. Көп дауыс алған Әлихан Бөкейхан Алаш автономиясының үкіметі – Алашорданың төрағасы болып сайланды [5, 125 б.].

Сонымен съезд Алаш атты қазақ автономиясын құру қажеттігін бірауыздан толық қолдады. Алаш автономиясының бастау көздерінде тұрған, екінші жалпықазақ съезінің делегаты Әлімхан Ермековты сөзімен айтсақ: «Желтоқсанның 12-күні, түс ауа, сағат 3-те дүниеге «Алаш» автономиясы келіп, азан шақырылып, ат қойылды. Алты алаштың басына Ақ Орда тігіліп, Алаш туы көтерілді. Үлкен ауылға қоңсы қонып шашылып жүрген қазақ-қырғыз жұрты өз алдына ауыл болды. Отансыз жұрт отанды болды. Автономия – бізге өмірлік мақсат еді» [6, 88 б.].

Съезде Алаш автономиясының ұлттық-территориялық негізінде құрылуы сөз жоқ, үлкен қоғамдық-саяси мәнге ие болды. «Сарыарқа» газетінде Халел Ғаббасовтың «Алаш автономиясы» атты мақаласында «Қырғыз-қазақ үкіметі» «Алашорда», «Алаш» қаласына келіп автономиясын

жариялағаннан кейін, қырғыз-қазақ балалары бағынған үкіметіміз осы деп сеніп, ант беріп, басқа үкіметті танымай, өз үкіметінің әмірін екі қылмай орындау керек» [2, 161 б.], – деп баса көрсетті.

Алашорда үкіметі 1917-1919 жылдары өз қызметінде Алаш автономиясын нығайтып, жер-жерлерде құлатылған совет өкіметінің орнына Алаш автономиясының басқару органдарын құру, автономияның сан-салалы өмірін реттейтін заңды құжаттар мен нұсқаулар жариялау, халықтық милиция түріндегі қарулы күштерді құруға кірісу, большевиктер басқарған саяси қарсылыстарды қудалау сияқты және т.б. бағыттарда белгілі іс-шаралар жүйесін жүзеге асырады. 1918 жылы маусым айында Алашорда заңдық күші бар бірнеше қаулы-қарар қабылдады. Атап айтқанда маусымның 24-інде Алашорда Алаш автономиясы территориясындағы совет өкіметі шығарған барлық декреттердің күшін жою туралы қаулы қабылдады. 1918 жылдың 25-маусымында облыстар мен уездерде Алашорда кеңестерін құру жөнінде шешім күшіне енді. Маусымның 24-інде қабылданған тағы бір қаулыда Алашорданың жанында үш адамнан тұратын әскери кеңес құрылғандығы жарияланды. Осы әскери кеңеске қорғаныс министрлігінің міндеттері жүктеліп, облыстар мен уездерде әскери бөлімдер ашу тапсырылды. Әскери кеңеске қаулыда, «жігіттерді большевиктермен күресу үшін шақыру міндеті жүктеледі» [7, 128 б.]. Алашорда қабылдаған алғашқы заңдық мәні бар маңызды құжаттардың бірі – 1918 жылы маусымның 24-інде Ә.Бөкейхан, М.Тынышбаев және Х.Ғаббасов қол қойған «Алаш автономиясының территориясындағы уақытша жер пайдалану тәртібі деген» қаулы болды. Онда Бүкілроссиялық құрылтай жиналысы жер туралы заң қабылдағанша Қазақстанда жерге деген жеке меншіктің жойылатындығы, жер мен су байлықтарын пайдалану Алашорданың рұқсатымен ғана болатындығы, қазақтар мен орыстар арасындағы жер дауын жергілікті өзін-өзі билейтін земстволық органдар шешетіндігі айтылып, жер пайдалануға байланысты басқа мәселелердің шешілу тәртібі көрсетілген. Алашорданың ұлттық мемлекет құрылыс саласындағы қызметінің алғашқы қадамдарында «халықтың милиция» түріндегі Алаш автономиясының қарулы күштері және басқарушы өкіметтің жергілікті органдарын құру мәселелеріне үлкен мән берілді. Алаш әскерін құру туралы мәселе ІІ-ші жалпықазақ съезінде былай деп келісілген болатын: «Осы күнде мемлекет ішінде бассыздық, талан –тараж, қырылыс-талас болып жатқанын ескеріп, қырғыз-қазақты мұндай бүліншіліктен қорғау үшін ешбір тоқтаусыз милиция түзеуге кірісуі тиіс. [8, 358 б.]

1918 жылы шілденің 24-інде Алашорда үкіметінің төрағасы Ә.Бөкейхан Алаш қаласынан Зайсан, Көкшетау, Павлодар, Қарқаралы, Петропавл, Ақмола, Атбасар, т.б. уездердегі қазақ комитеттері мен земство басшыларының атынан жолдаған жеделхатында Бүкілқазақтық екінші съездің шешімдеріне сәйкес Алашорданың (Алаш автономиясы өкіметінің) өз қызметіне кіріскендігін хабарлай келіп, бұл үкіметтің жергілікті органдарын, милиция жасақтарын дереу құру қажеттігін баса көрсеткен. Сонымен бірге Ә.Бөкейхан Алашорданың Сібірдің уақытша үкіметімен, Башқұрт автономиясымен одақтық қарым-қатынас орнатқандығын, Семей облысында халықтан жиналған салық есебінен алғашқы алаш жасақтары құрылып, олардың Сібір үкіметінің әскерлерімен большевиктерге қарсы қарулы күрес жүргізіп жатқандығы туралы жергілікті қазақ комитеттеріне хабарланған. Дәл сол күні осы мазмұндағы жеделхат Орал облысындағы қазақ комитеттері мен земство басқармаларына жолданған. Ә.Бөкейхан жер-жердегі өз жақтастарына халықтық милицияны ұйымдастыру барысында Орал және Орынбар казачестволары басшыларынан қару-жарақ пен әскери инструкторлар бөлулері жөнінен көмек сұрау қажеттігін ескерткен [3, 212 б.]

Азамат соғысы жағдайында Алашорда жетекшісі өздерінің басты саяси қарсылыстары большевиктерге қарсы пәрменді күрес жүргізді. 1918 жылы шілденің 13-інде Алашорда үкіметі қазақтан шыққан большевиктерді жазалау мақсатында ерекше қазақ соты мен тергеу комиссиясының мүшесі ретінде Р.Мәрсеков пен Сыздық Дүйсембин тағайындалған. 1918 жылдан бастап Қостанайда, Жымпитыда, Торғайда, Семейде Алашорда үкіметінің қарулы күштері – Алаш атты әскер полктері құрылды. 1919 жылы 11 ақпанда Колчактың Сібір Уақытша өкіметінің төрағасы А.Малаховтың: «Милиция деген не?» деген сұрағына Ә.Бөкейхан былай деп жауап қайтарған: «Милиция ол – біздің әскеріміз. Ол қазірдің өзінде бар: біздің 700 жігіт Жетіуда шайқасуда. 540 адам Троицкіде, 2000 адам Орал облысында әскери жаттығудан өтуде» [5, 154 б.]. Азамат соғысы күшейген кезде бір-біріне қару кезенген қызылдар мен ақгвардияшылар арасында күш тұрақсыз болды. Сондықтан да ұлан-ғайыр қазақ жерін орталық Алашорда өкіметіне астана қала Семейден басқару қиынға соқты. Алашорданың батыс және оңтүстік бөлімдерімен оның Семейде орналасқан Орталық Алашорда өкіметімен біртұтас үкіметтік жүйеге тән тұрақты байланыс орнату мүмкін болмады. Сондықтан Алаш Орда Халқы Кеңесі үкіметінің басшысы Әлихан Бөкейхан азамат соғысы жылдарында қазақ халқының ақ пен қызылдың теке тіресінде тектен-текке қосақ арасына кетпеуіне күш салады. Осы бағытта табанды түрде жұмыстар жүргізді. 1918-1920 жылдары Азамат соғысы жылдарында жеңіске жеткен

большевиктер өздерінің ымырасыз саяси қарсыластары алаш зиялыларына қарсы жазылау әрекеттерін бастап жіберді.

1920 жылдың қаңтарында Ә.Бөкейхан мен Семей облыстық Алаш комитетінің үш мүшесін Қызыл армияның 59-шы дивизиясының ерекше бөлімі тұтқындады. 1919 жылы большевиктер өкіметінің бұрынғы алашордашыларға жасаған кешірімнен кейін Әлихан Бөкейхан қалған өмірін ғылыми зерттеушілікке арнады.

1920 жылы 9 наурызда Қазревкомның 1920 жылғы наурыздың 5-дегі қаулысына сәйкес Алашорда таратылды. Ұлттық мемлекеттік тұтастықты орнату үшін құрылған Алашорда Халық Кеңесі өкіметі және оның халық таныған көсімдері тарих сахнасынан, саяси күрес аренасынан күштеп қуылды. Әлихан Бөкейханның зор беделінен сескенген большевиктер ұлт көсемін Мәскеуге жер аударды, оны Қазақстанға жолатпады. Онда он жыл үй қамауында отырған Әлихан Бөкейханды 1937 жылы тамызында қайыра тұтқындап, бір айдан кейін жалған жаламен 71 жасында Мәскеуде ату жазасына кеседі. 1989 жылы мамырдың 14-күні КСРО Жоғарғы сотының қаулысы бойынша әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан, ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан ақталды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сұлтан Хан Аққұлұлы «Алаш» қозғалысының көсемі Әлихан Бөкейхан - // www.azattyq.org/amp/kazakhstan_ash_leader_alikhan_bokeikhan_year/2327020.html
2. Нұрпейісов К. «Алаш һәм Алашорда». Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
3. Ә.Бөкейханов. Шығармалары. Алматы, 1994. – 384 б.
4. Нұрпейісов К. Қайраткер Халел Досмұхамбетов //Жалын. 1994. №7. – 85 б.
5. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. – Алматы: Атамұра, 2010. – 752 б.
6. Өскембаев Қ.С. Әлімхан Ермеков: Тұлға тағлымы. – Қарағанды: Арко баспасы, 2013.– 340 б.
7. Мартыненко Н. «Алашорда» Алма-Ата:Айқап, 1992. 191-с
8. Аққұлұлы С. Әлихан Бөкейхан. Қазақ жерінің жоқшысы. I том. – Шымкент: 2016. – 652 б.

Баспакова М.Е., Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова, исторический факультет, группа ГИ-43, студент
(*Научный руководитель — к.и.н., доцент Абдрахманова К.К.*)

ПОВСЕДНЕВНОСТЬ ВОИНОВ-ИНТЕРНАЦИОНАЛИСТОВ НА ВОЙНЕ: ПО ВОСПОМИНАНИЯМ ЕЕ УЧАСТНИКОВ

В течение периода с 25 декабря 1979 г. до 15 февраля 1989 г. воины-интернационалисты с честью исполняли свой долг в Афганистане, проявляя в боях и между ними истинный героизм и самоотверженность.

Военный быт и повседневность на войне была достаточно однообразна. Война в Афганистане проходила в совсем не благоприятных условиях: жара, неприступные горы, отсутствие элементарных условий, отсталость быта и т.д. В этом вопросе, бесспорно, очень большой интерес представляют воспоминания самих воинов-интернационалистов. Они дают возможность очень подробно изучить бытовые стороны афганских военных действий, и в последствие сформировать и у самого исследователя, и у читателя полное представление о «повседневности» той войны. Большинство участников военных действий в Афганистане с удовольствием делятся сведениями о бытовых и обыденных сторонах своей афганской жизни, а также о печалях и радостях служебных будней.

Так, например, курсант в/ч 87351 Вакулин В.А. в письме своим родным из Афганистана писал: «...Я проезжал Казахстан, Туркменистан, там была пересадка в городе Чарджоу, оттуда до Ташкента, а после в Афганистан. Природа здесь как в Средней Азии – жарко, бывает сильный ветер. Вокруг горы. Кормят хорошо, показывают каждый день кино в клубе, есть магнитофон и телевизор. Обычно показывают Советские фильмы, но есть и афганские, правда их очень мало. Выдали форму, непонятно какая ткань, хотя утверждают, что ХБ. Есть магазин в части, но там советский рубль недействителен. Зарплату выдают чеками, на них и покупаем себе необходимое. Это я пишу для того, чтобы не высылали денег и посылок. Пока не положено...» [1, Оп.2, Д.38, Л.3].

Ряд воинов-интернационалистов в своих воспоминаниях выделяли, что к боевым действиям они намного легче адаптировались, чем к климату страны. Такие сложные климатические условия и стали главной причиной того, что питьевая вода оценивалась намного выше, чем питание и даже их